

ЕЖЕЛГІ ҮНДІ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ЕРІКТІЛІК: АКСИОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Ахметова И.А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Ғалы Ж.О., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Ежелгі Үнді философиясы адам мен қоғамның үйлесімді бірлігін рухани-этикалық тұрғыдан негіздеді. Бұл философияның басты ұстанымы – адам болмысы мен ғаламның біртұтастығын сипаттайтын «Брахман» және «Атман» ілімдері. Осы ілімдердің аясында еріктілік тек қана риясыз көмек беру емес, сонымен қатар адамның рухани тазаруы мен оның қоғам алдындағы жауапкершілігін үйлестіретін әмбебап құндылық ретінде қабылданды. Үнді ойшылдары үшін адамның ізгілікті әрекеті – өз мүддесін екінші орынға қойып, басқалардың игілігі үшін қызмет етуге дайын болу. Демек, еріктілік Үнді философиясының аксиологиялық жүйесінде жеке рухани кемелдік пен қоғамдық тұрақтылықтың негізін қалады [1].

Үнді аксиологиясындағы маңызды қағидалардың бірі – апариграха, яғни иемденуден бас тарту. Бұл қағида байлықты немесе материалдық игілікті жеке мақсатқа ғана емес, өзгелердің бақытына жұмсау қажеттігін көрсетеді. Апариграха тек әлеуметтік жауапкершілікті ғана емес, адамның рухани жетілуін де қамтамасыз етеді. Ол адамды қанағатшылдыққа, әділеттілікке және басқалармен бөлісуге шақырады. Мұндай түсінік бүгінгі қоғам үшін де өзекті, себебі жаһандық деңгейдегі теңсіздік пен ресурстардың әділетсіз бөлінісі әлі де өткір мәселе болып отыр [2].

Құрбандық ұғымы үнді философиясында ерекше орынға ие. Туаға, яғни өзін шектеу мен құрбандық ету дәстүрі, жеке мүддені жалпы игілік үшін құрбан ету арқылы адамның рухани өсуін қамтамасыз етеді. Бұл қағида Хитопадеша секілді мәтіндерде айқын көрініс тапқан. Құрбандық тек материалдық нәрседен бас тарту емес, сонымен бірге әділеттілік пен шындық үшін өмір сүрудің рухани жолы ретінде бағаланады. Қазіргі замандағы қоғамдық жобаларға қатысу, экологиялық бастамаларды қолдау және қайырымдылық қызметтеріне атсалысу – осы ежелгі ілімнің жана көріністері [3].

Еріктіліктің тағы бір маңызды философиялық негізі – карма-йога мен бхакти-йога. Бхагавад-гита карма-йоганы риясыз қызметтің жолы ретінде сипаттайды: адам өз әрекетінің нәтижесін ойламай, қоғамға пайда әкелуі тиіс. Бұл ілімде еңбек пен әрекет жеке игілік үшін емес, ортақ игілік үшін орындалғанда ғана мәнге ие болады. Ал бхакти-йога адамның Құдайға деген сүйіспеншілігін адамдарға жанашырлық пен қамқорлық көрсету арқылы жүзеге асырады [4]. Осылайша, еріктілік рухани тазару тәжірибесіне айналып, адамның ішкі әлемін кемелдендіреді.

Үнді елінің ең маңызды да ерекше діни институты әрине – буддизм. Буддизм Үндістанның солтүстігінде пайда болды. Ол б.з.д. VI–V ғасырларда Үндістанның солтүстігінде пайда болып, негізін Сиддхартга Гаутама – Будда қалады. Буддизмнің басты ұстанымдары адамның жан азабын еңсеруіне, рухани тазаруына және қоғамдағы үйлесімділікті қамтамасыз етуіне бағытталған.

Буддистік ілімде еріктілік әрекеттер ерекше мәнге ие. Жомарттық (дәна), жанашырлық (каруна), өзгенің қайғысына ортақтасу және жанқиярлық қызмет – адамның рухани дамуының басты шарттары ретінде қарастырылады. Бұл көзқарасты Шантидева өз шығармаларында айқын көрсеткен. Оның өлең жолдарына сәйкес, егер адам өз пайдасы үшін өзгеге зиян келтірсе, ол азапқа душар болады; ал егер ол басқалардың игілігі үшін өзін құрбан ете білсе, шынайы бақыт пен рухани кемелдікке жетеді. Шантидева еңбектерінде «басқаның қайғысын өз қайғысындай сезіну» – бодхисаттваның негізгі парызы ретінде сипатталады. Мұндай көзқарас еріктілік пен әлеуметтік көмек әрекеттерінің мәнін терең ашып, оларды жанқиярлық пен альтруизмнің биік формасы ретінде бағалайды. Буддизмде еріктілік тек әлеуметтік қолдау ғана емес, адамның рухани құтылуының да маңызды жолы болып саналды.

Төмендегі Шантидеваның өлең жолдары буддизмдегі еріктілік пен әлеуметтік көмек жайлы мәнін ашып көрсеткендей:

«Егер мен өзім үшін басқаларға зиян келтірсем,
Мен тозаққа сөзсіз азапталамын;
Бірақ егер мен басқалар үшін өзіме зиян келтірсем,
Мен барлық жоғарғы игіліктерге ие боламын;
Өзімді жоғары бағалай отырып,
Мен жағымсыз әлемге тап боламын;
Бірақ егер бұл (қарым-қатынас) басқаларға ауысса,
Мен сөзсіз құрметке ие боламын;
Егер мен басқаларды өз мақсаттарым үшін пайдалансам,
Мен өзімді құлдыққа сезінемін,
Ал егер мен өзімді басқалар үшін пайдалансам,
Мен тек әміршілдікті сезінемін.

Сонымен бірге, «Жанқиярлық қызметсіз адамның мақсаты орындалмайды; Игі қызметте ең таза әрекет жатыр» - деп жырлайды [5].

Буддизм де еріктілікке ерекше мән берген. Пали канонында дәна, яғни жомарттық, моральдық жетілудің негізгі элементі ретінде сипатталады. Буддистік мәтіндерде қайырымдылықтың әртүрлі деңгейлері айтылады: ең қымбат затты беру, мұқтаждарға көмектесу, кемсітуден бөлісу, қуанышпен сый жасау. Шантидева бодхисаттваның басты қасиеті – өз пайдасын емес, өзгелердің игілігін көздеу екенін ерекше атап өтеді [5, Б.126-128]. Буддизмдегі бұл түсінік еріктілікті жанқиярлық қызметтің ең биік түрі ретінде танытады.

Джайнизмдегі еріктілік дәстүрі де өзіндік ерекшелікке ие. Оның негізгі қағидаты – ахимса, яғни барлық тіршілік иелеріне жанашырлықпен қарау. Джайн дәстүріндегі қайырымдылықтың төрт негізгі түрі – тамақ беру, өмірді сақтау, дәрі-дәрмек тарату және білім беру – әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ететін тәжірибе болды. Бұл дәстүр еріктілікті рухани кемелденудің бір бөлігі ретінде қарастырады [6].

Сикхизмдегі еріктілік сева ұғымымен байланысты. Сева – риясыз қызмет, ол қоғамдағы теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған. Сикх дәстүріндегі лангар тәжірибесі – баршаға тегін ас беру дәстүрі – әлеуметтік әділеттіліктің нақты көрінісі. Мұнда дінге, ұлтқа немесе әлеуметтік мәртебеге қарамастан, барлық адамға бірдей қызмет көрсетіледі. Бұл тәжірибе теңдік пен әділеттілікке негізделген еріктіліктің айқын үлгісі болып табылады [7].

Үнді өркениетінде ислам мен жайнизмнің ықпалы да еріктілік құндылықтарын нығайтты. Исламдағы зекет пен садақа беру дәстүрлері қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің діни парызы ретінде танылды. Жайнизмдегі нирджара қағидасы да риясыз қызметті адамның рухани тазаруының негізгі жолы деп түсіндірді [8][9].

Ежелгі Үнді философиясы әртүрлі діни және философиялық дәстүрлер арқылы еріктілікті қоғам игілігінің кепілі ретінде қалыптастырды. Бұл ілімдерде жеке рухани даму мен қоғамдық борыш біртұтас қарастырылып, еріктілік адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды.

Қорытынды

Ежелгі Үнді философиясы адамзат өркениетінде ерекше орын алады. Оның моральдық-этикалық негіздері адам болмысының ішкі тазаруы мен қоғам алдындағы жауапкершілігін үйлестіре білді. Еріктілік идеялары бұл ілімдерде тек қайырымдылық әрекеттерімен шектелмей, адамның өзін-өзі кемелдендіру жолы, рухани міндеті және қоғамдық тұрақтылықтың кепілі ретінде қарастырылды.

Апариграха, туаға, карма-йога және бхакти-йога қағидалары адамның рухани тазаруы мен қоғам игілігі үшін әрекет етуінің философиялық-аксиологиялық негізін қалады. Бұл ұстанымдар жеке пайдаға емес, ортақ мүддеге бағытталған қызметті дәріптеді. Буддизмдегі дāна ілімі, джайнизмдегі қайырымдылық тәжірибелері және сикхизмдегі сева дәстүрі де осы идеялардың әртүрлі тарихи-мәдени көріністерін ұсынды [10].

Шантидева ілімінде адам өз мүддесін емес, өзгелердің мүддесін бірінші орынға қою арқылы шынайы бақытқа жететіні айтылады. Бұл идея қазіргі заманғы еріктілік қозғалыстарының басты принциптерімен үндеседі. Мәселен, ХХІ ғасырдағы әлеуметтік жобаларға қатысу, экологиялық бастамаларға қолдау көрсету немесе мұқтаж жандарға көмек беру – осы ежелгі философиялық қағидалардың заманауи жалғасы екені сөзсіз. Сонымен қатар, үнді ойшылдары үшін еріктілік тек қана әлеуметтік әрекет емес, адамның ішкі рухани өсуінің айнасы болды. Адам басқалардың азабына ортақтасып, оларды жеңілдетуге күш салған сайын, өзінің рухани әлемін де тазартып, кемелдікке жақындайды. Бұл түсінік қазіргі қоғамдағы еріктілер қызметінің моральдық және рухани маңызын күшейтеді.

Қазіргі жаһандану жағдайында ежелгі үнді аксиологиясының қағидалары ерекше өзектілікке ие. Қоғамда әділеттілік, теңдік, өзара көмек және жанашырлық құндылықтарын жаңғырту – тек әлеуметтік тұрақтылықтың емес, рухани үйлесімділіктің де кепілі. Апариграха қағидасы материалдық ресурстарды әділетті бөлу қажеттігін көрсетсе, бхакти-йога сүйіспеншілік пен жанашырлықты адамзаттың рухани дамуының негізі деп таниды. Джайнизм мен буддизмнің ілімдері барлық тіршілік иелеріне мейіріммен қарауды үйретеді. Ал сикхизмнің лангар дәстүрі – әлеуметтік теңдік пен адамгершіліктің нақты мысалы.

Еріктіліктің үнді философиясындағы идеялары бүгінгі күні тек Үндістан үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін маңызды рухани бағдар бола алады. Олар заманауи еріктілік қозғалыстарының әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешудегі негізін құрайды. Бұл дәстүрлердің ортақ өзегі – адамның жеке пайдаға емес, жалпы игілікке қызмет етуі.

Қорытындылай келгенде, Ежелгі Үнді философиясындағы еріктілік идеялары – адамзаттың гуманистік ойлау мәдениетінің алтын қазынасы. Олар қазіргі қоғамға да үлгі боларлық рухани бағдар ұсынады. Жаһандық теңсіздік, әлеуметтік әділетсіздік, экологиялық дағдарыс жағдайында үнді аксиологиясының құндылықтары – әділеттілік, жанашырлық, риясыз қызмет пен өзара көмек қағидалары – әлемдік қауымдастықтың тұрақты дамуына жол ашады. Сондықтан да еріктілік Үнді философиясында тек моральдық-әлеуметтік тәжірибе ғана емес, адамзат өркениетінің рухани іргетасы болып табылады. Ол жеке тұлғаның ішкі дамуын, қоғамның үйлесімді өмірін және жалпы адамзаттық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ететін мәңгілік өлшем ретінде өзектілігін ешқашан жоғалтпайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Hiriyan, M. The Essentials of Indian Philosophy. – Delhi: Motilal Banarsidass, 2000. – 412 p.
2. Goodwin, W. Ethics in Indian Philosophy. – London: Routledge, 1999. – 265 p.
3. Malik, G. Altruism and Sacrifice in Indian Thought. – New Delhi: Heritage, 1982. – 286 p.
4. Bhagavad Gita. – Delhi: Motilal Banarsidass, 1998. – Ch. 12. – P. 145–147.
5. Shantideva. Guide to the Bodhisattva's Way of Life. – Delhi: Library of Tibetan Works and Archives, 1985. – 310 p.
6. Hauserman, R. Ocean in a Tea Cup: The Story of Sree Sree Thakur Anukulchandra. – New York: Harper & Brothers, 1962. – 428 p.
7. Adi Sri Granth Sahib Ji. – Maru, M.1. – P. 992.
8. Vivekananda, Swami. India and Her Problems. – Calcutta: Advaita Ashram, 1963. – 243 p.
9. Madan, T.N. (Ed.). India's Religions. – Delhi: Oxford University Press, 2004. – 420 p.
10. Пурушоттама Б. Үнді философиясының тарихы / ред. Сыбанбай С.Ә.; ағылшыннан ауд. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2020. – 719 б.